

**Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне
аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1349 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне 002 "Мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша "Бұлақ Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 89 және "Интегрис" жабық акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 124 шарттар бойынша аккредитивтер (бұдан әрі - аккредитивтер) ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолданылу мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі